



УДК 94 (574)

Г.М. Қарасаев

ШҚМТУ, Өскемен қаласы

Г.Е. КАТАНАЕВ - ОРТА ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ

Отанымыздың өткенін толық және шындық тұрғысында жазуда оның өлкелерінің нақты тарихын жасаудың маңызы зор. Осы талапты іске асыруда ХҮІІІ-ХІХ ғасырлар көлеміндегі Қазақстанның шығысы, Батыс Алтай аймағын мекендеген қазақ руларының тұрмысы, шаруашылығы, әлеуметтік дамуы мен салт-дәстүрлерін саралап, оған көптеген шығармаларын арнаған, халқымыздың өткеніне осы арқылы жан-жақты сипаттама берген прогрессивтік бағыттағы орыс зерттеушілерінің шығармалары үлкен маңызға ие.

Аталған тұрғыдан алып қарағанда ХІХ ғасырдың екінші жартысында еліміздің көрсетілген өңірін мекендеген қазақтардың әлеуметтік, шаруашылық даму түрлеріне талдау жасаған орыс зерттеушісі Г.Е.Катанаевтың еңбегін ерекше атап кетуге болады.

Мысалы, оның зерттеуінде [1] Қазақстанның шығыс өңіріне әскерилендірілген казактардың орналасуының тарихына тоқтаған. Осы шығармасында ол Ресейдің қарамағына өткен Орта жүз рулары қазақтарының отарлық билікке қарсылығынан да көптеген мәліметтер келтірген. Ал өлкетанушының Ресей географиялық қоғамының «Батыс Сібір бөлімі хабаршысы» журналының 1893 жылғы санының 15-томының 2-шығарылымында жарияланған «Прииртышские казаки и киргизы Семипалатинского уезда» деп аталған мақаласының «Зимующие при поселке Белокаменом киргизы» деген бөлімінде ХІХ ғасырдың екінші жартысында патша өкіметі тарапынан іске асырылған аталған аймақты қоныстандырудың нәтижесінде күйзеліске ұшыраған халқымыздың ауыр тағдыры баяндалған. Қазақ қоғамындағы әлеуметтік-шаруашылық өзгерістерге талдау жасалынған.

Осы шығармада жазылғанындай: «Далаға келіп, казак шекара жүйелеріне, әсіресе Ертіс бойындағы, қоныс тебе бастаған қырғыздардың саны жыл сайын артып келеді деп есептеуге болады. Даладағы әрбір көлемді мал шығыны, кез келген құрғақшылық, үлкенді-кішілі, жалпы немесе жеке кедейлену жүйеде ашылып жатқан әртүрлі табыс көзі немесе жұмыс қолына деген сұраныс және т.б. қырғыздардың жаппай немесе жекелеп орыс қоныстарына келіп орналасуларымен жалғастырылуда.

Кейбір орыс қоныстары аудандарында, әсіресе Павлодар уезінде, қырғыздар орыстардан да көп тұрады немесе қыстайды. Олар негізінен әскерилердің қосымша жерлерінде, казак иеліктерін қыстау етеді. Негізделіп, жақсы салынған қырғыз қыстауларын кездестіруге болады. Оларды жалпы қабылданған ұғымға сәйкес отырықшылар қонысы деп есептеуге болады.

15-30 жыл бойы тұрғандықтан бұл қоныстар казак жерлеріне тәртіпсіздікпен шашырай орналасқан киіз үйлердің ұясындай елестейді. Қазіргі күні қысқы киіз үйлер мүлдем кездеспейді, барлық жерде, казак жүйелеріне жақын өңірлерде, олар тұрақты деревнялар сияқты бір жерге шоғырландырылған жертөлелермен немесе шағын ағаштан салынған үйлермен ауыстырылған. Қыс кезінде міндетті түрде осы деревняларда тұратын қырғыздар жаз кезінде де одан алысқа ұзап кете қоймайды. Көбінесе жүйеден алыс далалық болыстықтарда шекаралық жүйеге келіп орналасқан қырғыздар жыл өткен

сайын өздерінің болыстықтарынан байланыстарын үзе отыра отырықшы орыс қоныстарының жандарына орналаса бастады. Қырғыздар тарапынан көптен бері мекендеп келе жатқан казак жерлерін өздеріне бекіту, сонымен қатар тек мұсылман дінінде қалдыра отыра казактыққа көшіру туралы өтініштер де түсуде.

Малынан айрылып, өз аулымен көше алмағандықтан жүйеге алғаш келген әрбір қырғыз аса кедей күйінде көрінетін. Бастапқы кезінде олар кез келген адамдарға көмекші, жұмысшы болып жалданады, осылай бір-екі жыл өмір сүргеннен кейін өзімен бірге жанұясын немесе туыстарын әкелуді сұрап, алғашында ауладағы жұмысшылар немесе бақташылар, «жатақтар» ретінде еңбек етіп, үш-төрт жыл өткеннен кейін қыстауларын барынша берік орнатқан басқа қырғыздардың жанына орналаса бастады.

Көбінесе осындай жолмен орналасқан және оны далада ешкімнің тосып тұрмағандығын ұққан қырғыз енді кері қайтпайды. Мұнда өзі үйренген кәсіпті, қызметті атқаруға, кісі тасуға, жәмшік, пошташы болуға мүмкіндік туады, орыстарға жазғы науқандық жұмыстарға, Белағаштағы казак мекендері мен шаруашылықтарын күзетуге, балық аулауға, айлақтарға отын дайындау мен тасуға т.б. жұмыстарға жалданады.

Олардың ең кедейлерінің әйелдері мен қыздары үйлерді аралап, бір үзім нан үшін мал күтуге, сиыр сауу, кір жуу, бақша күту мен суару жұмыстарына жалданады. Негізінен алғанда, Ертіс жүйесіндегі әрбір ауқатты ғана емес, орта дәрежедегі казак-шаруашылық иесі жүйе маңайындағы қырғыздардан бір немесе екі жалдамалы ер және әйел жалшыларын ұстайды.

Аса мұқтаждықтан табыс іздеуші осындай жатақтардың еңбегін өздерінің ересек жұмысшылары өз ауласынан жүздеген шақырым қашықтықта жалшылық қызметке алынғандықтан казак жанұялары ықыласпен пайдаланады.

... Ертістің қос жағалауындағы Павлодар және Семей уездерінің казак жерлерінде 12 мыңға дейінгі екі жынысты қырғыздар едәуір мерзім немесе тұрақты түрде тұрады. Олардың көпшілігі, жоғарыда айтылғандай, казак қоныстарының маңайында жартылай отырықшылық күйінде өмір сүреді. Мұнда олар өздері үшін жоғарыда аталған жұмыстарға жалданып, қатал қыс кезінде малдарына пана және азық табады, сонымен бірге казак жүйелері бойына орналасқан көптеген жәрменке, сауда орындары мен базарларында орыс тауарларын сатып алуларымен қатар өздерінің еңбегі мен малдарының өнімдерін де ешқандай делдалсыз өткізеді.

Жүйе казактарымен бірге олар, негізінен, егіншілікпен айналысады. Алайда соңғы уақытта қырғыздардың Ертіс аймағына тоқтаусыз келуі казактарды мазасыздандырып, жерлеріне қырғыздардың үздіксіз келулеріне өздері тарапынан бақылау қойып, кейбір қоныстарда бірнеше рет қырғыздарды өздерінің далалық болыстықтарына қайтарып жіберу туралы ұсыныстар жасаған.

... біз қарастырып отырған Белокаменск қонысының мөлшермен 12 % жуығы орта және жоғары жағдайда, 26 % орташа, 45 % ортадан және одан да төмен және 16 % аса кедейлер, жалдамалы еңбек етумен айналысады немесе қайыршылықта өмір сүреді.

... Құрамы және тұрмыстық жағдайлары сараланған қырғыздар жанұясы, негізінен, Алтай таулы округінің Белағаш өңірінде жыл сайын 5 десятинаға дейін жерге бидай, 1 десятинаға дейін жерге сұлы ... егеді. Жүйе бойындағы қырғыз астығын жинағаннан кейін өзіне қысқа керегін ғана қалдырып, оның өзін де дұрыс есептемей, бірден қалаға апарып немесе тура сол жерде сатады, алайда қалдырылған астық үнемі жетпейтін болғандықтан ақпаннан бастап казактар мен шаруалардан қайтадан астық сатып ала бастайды. Пішен көп жағдайда, қолайлы жылдары әр пайын 8-15 рубльге сатып алады немесе шапқан шөбінің жартысын, ширегін казактарға қалдырады” [2].

Аталған мақалада ол казак шекара жүйелері маңайына орналасқан қазақтардың

элеуметтік-тұрмыстық жағдайларына да толығымен сипаттама жасаған. “... орта қонды қырғыздың, - деп жазады зерттеуші егін егу, жер жырту, пішен дайындау және мал шаруашылығы істерін казактарға да жұмыс істейтін кедей қырғыз немесе әзірге жүйеге жұмысқа орналасып, тұрақтамаған кедейленген оның туыстары атқарады. Өзін жұмысқа алғанына риза болатын, сондықтан да алғашында атқарған ісіне туыстық қатынасы үшін тамақтың қалдығынан басқа ешқандай да ақы тілемейтін жалшылардың осы түрі олардың еңбегін пайдаланушы бай қырғыздар үшін казактарға жұмыс істегеннен де арзанға түседі” [2].

Бұдан ары Г.Катанаев көрсетілген өңір қазақтарының пайдаланған тамақ түрлері мен оның көлемі жайлы құнды мәліметтер береді. Дәстүрлі малшаруашылығынан алынатын тағам түрлеріне сипаттама жасайды. Оның жазуынша: “Нан және ұн тағамдарынан қырғыздар толығымен бидайды пайдаланады. Жармадан кейде сатып алатын тары, белгілі мөлшерде палау үшін күрішті пайдаланады. Жемістерден тек қана қарбыз, қауын, қияр және аздап картопты қолданады, қалғандарын пайдаланбайды, капустаға, сәбізге, шомыр мен саңырауқұлаққа ашық жеккөрінішпен қарайды. Жеміс егумен айналыспайды.

Балықты жақсы көреді, алайда оның сүйегінің көптігі мен ауызға ет сияқты молынан салуға келмейтіндігінен аз қолданады. Арақ, сыра, квасты пайдаланбайды. Темекіні тарту үшін емес, керісінше иіскеу, шайнау немесе ұртына салу үшін ғана қолданады.

Қырғыздардың негізгі тамағы: әртүрлі сүт, ет тағамдары, шұжық және негізінен шай.

Қыс кезіндегі тамақтары жүдеулеу және бір түрлі, көктемде және жазда мол [4].

Зерттеуші қаралып отырған туындысында малшаруашылығының негізінде қалыптасқан жергілікті қазақтардың өзіндік күнделікті тұрмысы мен салты, әдет-ғұрпына да талдау берген. “Далада алғашқы көк көрінісімен-ақ, - деп жазады ол, - әбден жүдеп, арықтаған қырғыз малы қоң жинап, көтеріле бастайды, онымен бірге қырғыз да көңілдене бастайды; көктемнен бастап олар үшін үнемі мейрам басталады. Алдымен сиырды сауа бастайды. Сүт аса бағалы тамақ ретінде беріледі. Піспеген шикі сүтті мүлдемге ішпейді. Қажетті сүт жиналып болғанда үй иесі әйел оның үштен біріне, кейде жартысына дейін су құйып, қазанға бір рет қайнатып, 35 градусқа дейін суытады, одан кейін белгілі бір қышқыл қосып, берік жауып, суытуға қояды. Бұдан ашы сүт - айран алынады. Айранды бүкіл жаз бойы қыркүйек айына дейін тамақ және сусын ретінде пайдаланады (қайнамаған суды сирек пайдаланады).

Биелерді сауу уақыты басталысымен, мөлшермен 15 мамырдан бастап, айран екінші қатарға түсіп, оны көрші ауылдардан келуші кедейлер мен қайыршыларға ғана береді. Бай қырғыздар айранмен осы мерзімде өздерінің жұмысшылары мен малшыларын тамақтандырады.

Қырғыздар жазда өте жай, сағат 8-де тұрады. Тек үй иесі әйел, малшы, қойшылар ғана ерте тұрады. Малшылар қойларды жаюға әкетеді, ал үй иесі әйел қайтадан ұйықтауға жатады. Тұрған соң киізүйді жинап, самовар (қырғызша самауыр) қояды. Самауырға көмір жағылып, қыздырылады. Кірпіш шай өте қою, ыстық күйінде пайдаланылады. Қызы шай құяды, екі ұлы мен әкесі, шешесі, немересі шай ішуге отырады. Ал келіні көмірмен самауырды қыздырып ұстайды. Алайда шай барлығының ішуімен жылдам таусылып, аздап қана қызартылған су және бірнеше бауырсақ қана қалады. Бауырсақ - мал майы мен сарымайға қуырылған тығыз иленген қамырдың бөлегі. Бауырсақ жазда әр қырғыздың дастарқанында бола бермейді, кедейлері шайды құртпен немесе ірімшікпен ішеді.

Таңертеңгі шай жанұя мүшелері бір мезгілде жиналып ішетін ас түрі. Күннің қалған уақытында жанұя мүшелері қай кезде болсын мүмкіндігіне орай тамақтана береді. Қымыз болған кезде шайдан кейін қымыз беріледі. Көктемгі және жазғы сүттің мол

кезінде сұйық айран емес қатық дайындалады. Қатық та аздан су қосылған айран. Артық қалған қатық ыдысқа жиналып, май дайындалады, ал пахтадан - қырғызша іркіттен, сыр (құрт) қайнатылады. Сүттен басқа әдіспен де сыр дайындалады: сүтті қайнағанға дейін отта ұстап, одан кейін оны 60 градусқа дейін суытып, оған қозының қарнын салғанда сүт іриді, оны кептіріп, дәмді ірімшік алынады.

Қырғыздар бүкіл жаз бойы, негізінен, әртүрлі сүт тағамдарын пайдаланады. Етті сирек жейді. Бұл мерзімде өздері үшін еш уақытта (жүйеде де, далада да) қой соймайды, қой басқа ауылдан қонақ келген кезде ғана сойылады. Осыған орай бүкіл жанұя мүшелері тойғанынша ет жеп, одан кейін келесі маңызды қонақтың келгенін тосады. Үй ішіне әкесі немесе шешесі кейде біреудің асынан бір кесек ет әкеліп береді, бар болғаны осы ғана. Осы айтылғандармен қатар қырғыздар жаз уақытында, мал жаппай ауруға (чума, сібір жарасы, чахотка т.б.) ұшыраған кезде етті жиі пайдаланады. Әрбір ауру мал жазылып кетпесе иесі оны азыққа сояды. Оларда егер мал сойылмай, арам өлсе, оның етін жеу күнә болып есептеледі, мал ауырмай өлсе (суға батып кетсе, денесінің бір жерін сындырып алса, құлап қалса) арам қатарына жатқызылады. Тіпті өлтіріліп, аңшы бауыздамаған аң да таза емес (арам) деп саналады.

Қазан айынан бастап қырғыздар қыста бағып-қақпау үшін кәрі және ауру қойларды соя бастайды. Осы мерзімнен бастап олар сақталған бидай жармасы мен сүт қосылған сорпа-көжені қолданады.

Қараша айынан бастап өздеріне арнап бірнеше қой мен бір немесе екі кәрі биелерді (сиыр еті дәмсіз деп есептеледі), кей кезде ең соңында сиырды сояды. Осы арқылы олар бүкіл қыстық еттерін дайындайды. Еттің жалғыз өзін ғана аспайды, оның сорпасына талқандалған бидай қосып, едәуір дәрежедегі көже дайындалады. Етті үй иесі үлкен ұлы екеуі қонақтармен бірге жейді, ал қалған жанұя мүшелері көжемен тамақтанады.

Қырғыздарда еттен басқа дәмді тағамдар жоқ деуге болады. Дәмді астың барлығын қазымен салыстырады. Мысалы, кейбір пряниктер мен конфеттер т.б. “қазыдай дәмді” екен деп баға береді» [2].

Г.Е. Катанаевтың жоғарыда талданған осы бір еңбегі ғана сол дәуірдегі жергілікті халықтың барша дамуын айқындаудағы құнды шығарма болып есептеледі. Аталған мақсаттан да оның ғылыми туындыларын өлке тарихын зерттеушілерге, жалпы еліміздің көрсетілген аймағының өткенін білгісі келетіндерге ұсынудың қажеттігі зор. Алайда оның шығармаларының ешқайсысы да қазіргі күнге дейін қазақ тіліне аударылмаған. Тіпті олар жинақталып, орыс тілінде болса да қайтадан жарияланбаған. Сондықтан да мүмкіндігінше оның зерттеулерін жинақтау, қазақшаға аудару да қажеттілікке айналып отыр.

Керісінше, ғалымның еңбектерін ғылыми ортаға таныстыру мақсатында Ресей Федерациясының Сібір аймағындағы оқу орындары мен ғылыми орталықтарында “Катанаев оқулары” жүйелі түрде өткізіліп келеді.

Міне, сондықтан да Қазақстан тарихы пәні арқылы оның еліміздің шығыс өлкесінің өткенін шыншылдықпен жазған туындыларын барынша насихаттау, осы арқылы зерттеушінің игі қызметіне деген қазіргі көпұлтты ұрпағымыздың құрмет сезімін тудырту - уақыт талабы екендігі белгілі.

Әдебиеттер тізімі

1. Катанаев Г.Е. Краткий исторический обзор службы Сибирского казачьего войска с 1582 по 1908 гг. -Спб., 1908.
2. Записи ЗСО ИРГО. -Т.15. -Вып.2. -Омск, 1893. - С. 21-36.

12.11.07 қабылданды